

А.Т. Қабжанов, А.Ж. Әбдіжәми

«Болашақ» Академиясы, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: aity81@mail.ru)

## Адамды саудаға салумен күрестің халықаралық-құқықтық аспектілері

Мақалада адамды саудаға салумен күрестің өзекті мәселелерінің бірі — адамды саудаға салудың шетелдік заңнамаларда реттелу ерекшеліктеріне назар аударылды. Мақалада халықаралық құқықтық аренадағы адам саудасына қатысты, адам саудасына қарсы тұру мен қазіргі заманғы құлдық түріне ұшырағандарға көмек көрсетуге бағытталған бірқатар шет мемлекеттердің заңнамалық-құқықтық базасы зерттелді. Бұл орайда негізгі ерекшелігі, адам саудасына қатысты көптеген елдердегі қылмыстық-құқықтық нормалар «әр елдің салты басқа» болуына байланысты өзге елдің құқықтық жүйесіне өзгеріссіз тікелей енгізуге болмайды. Адам саудасына қатысты Конвенциялар мен арнайы органның (Халықаралық миграция ұйымының – Трафикке қарсы бөлімінің) болуына, мемлекеттердің қылмыстық кодекстерінде арнайы норманың болуына қарамастан, аталған феномен бүкіл әлемге тарап, әлемдік қоғамдастықтың алаңдаушылығын тудырды. Мақалада адам саудасы қылмыстық құқық бұзуларының алдын алу практикалық жағына, адам саудасы мен оның құрбандарына, қылмыскерлерге қатысты, оның масштабына қатысты мәліметтердің жүйеленуіне, жаза және жаза жүйесін қайта қарау бағытында жұмыстар жүргізілуі қажеттілігін тұжырымдадық. Авторлар адам саудасына қатысты деректер тек қана статистикалық мақсаттарда жинақталып, сыртқы мүдделі тараптар үшін қатаң шектеу қойылуын дұрыс деп қорытындылайды. Және адам саудасымен күрес бойынша халықаралық ынтымақтастық әрі қарай да нығайтуды қажет етеді. Ол, өз кезегінде, мәселенің мәні мен осы бағыттағы нормалардың әрекет ету механизмдерін түсінуге, мықты заңнамалық база қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*Кілт сөздер:* халықаралық қылмыс, қылмыстық құқықбұзушылық, адам саудасы, трафик, халықаралық ынтымақтастық, құлдық, құл саудасы, бостандығынан айыру, мәжбүрлеу.

### Кіріспе

Жыл сайын, халықаралық ұйымдардың мәліметтері бойынша, шамамен 40 миллион адам құлдықтың заманауи нысандарының құрбандары болып табылады, олар – мәжбүрлі некелесулер, көшіп-қонған әйелдерді пайдалану, заңсыз мигранттар, арзан еңбек күшін жеткізу және т.б. [1; 78].

Сөзіміздің дәлелі ретінде 50-ден астам мемлекетте Халықаралық Еңбек Ұйымының «Еркін серуен» қорының Халықаралық Миграция Ұйымымен бірлесіп жүргізген зерттеулері бойынша, 2017 ж. 40 млн адам заманауи құлдықтың, оның ішінде 25 млн адам мәжбүрлі еңбектің, 15 млн адам мәжбүрлі некелесудің құрбаны болған және бұл мәліметтер адам саудасының масштабы мен деңгейінің қаншалықты жоғары екендігін көрсетеді [2].

Соңғы онжылдықта жаһандану себебінен адам саудасымен байланысты қылмыстардың санының өсуі байқалады. Бұл процесс адам саудасына бір елдің шегінде де, халықаралық шеңберде де жол ашады.

Адамдарды пайдалану үшін азғырып-көндіру, сыртқа шығару және транзит сияқты қылмыстық құқықбұзудың түрлерімен күрес халықаралық деңгейде ынтымақтаспай жүзеге асырылуы мүмкін емес, сондықтан бұл мәселелердің нормативтік реттелуін және елдердің адамдар трафигін жою жөніндегі өзара іс-қимылын қарау маңызды. Халықаралық қауымдастық құлдық пен құл саудасын заманауи түрдегі халықаралық қылмыс деп мойындады [3; 216].

Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарында қылмыс пен қылмыстылық жайлы жарияланатын мәліметтердің де адам саудасына тигізетін ықпалын айта кетсе болады. БАҚ арқылы қандай да бір елде жоғары жалақы үшін еңбек түрін ұсыну халықтың әлжуаз топтарын ғана шетелдегі «керемет өмір мен жоғары жалақы туралы» ойын қалыптастырып, адамның шетелге асу мақсатын көздеуге, осы жолда әртүрлі көлеңкелі туристік және делдалдық қызмет көрсететін тұлғалардың қызметіне жүгінуіне итермелейтінін ескереді.

Қазіргі уақытта БАҚ криминалды ақпараттарды құнды жаңалықтарға айналдырып, өздерінің негізгі өнімі етіп отыр. БАҚ құрылымдары елді елең еткізу мақсатында жаңалықтарда қылмыстар туралы елдегі қылмыстылықтың шынайы жағдайымен сай келе бермейтін түсінік қалыптастырады. Яғни, БАҚ өзінің ақпараттарды беру тәсілін өзгертуіне қарай, қылмыстар туралы ақпараттарды

эртүрлі етіп жеткізеді. Оны қазіргі қазақстандық БАҚ-тардан да көріп жүрміз, яғни кейбір БАҚ фактіні қылмыс деп көрсетсе, екіншісі оны кездейсоқ табиғи жағдай деп көрсетеді [4; 103, 104].

### *Әдістер мен материалдар*

Мақаланы жазу барысында танымның жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістері қолданылған. Оның ішінде жалпы диалектикалық, жүйелік-құрылымдық әдістер пайдаланылды. Жеке ғылыми әдістер қатарында салыстырмалы құқықтық, формалды-логикалық әдістер қолданылды.

### *Нәтижелер*

Ең алғаш рет африкалық негрлер саудасына халықаралық деңгейде тойтарыс беруге 1815 жылғы Вена Конгресінің арнайы Декларациясы жол ашты. Бұл бағыттағы келесі қадам негрлермен саудаға тек тыйым ғана салмай, қылмыс деп жариялаған Аахен Конгресі болды. Алайда осы екі оқиға да қандай да бір практикалық шаралармен бекітілмеген декларативтік шешім болып қалды. Құлдық пен құл саудасы жалғаса берді.

Олармен күрес жөніндегі алғашқы іс жүзіндегі шаралар Англия, Франция, Ресей, Австрия және Пруссия елдерінің арасында жасалған 1841 жылғы Лондон шартымен қабылданды. Осыған сәйкес құл саудасы сол кездегі қарақшылық жазасымен теңестірілді, ал келісуші мемлекеттердің әскери кемелеріне құл саудасымен айналысу жөнінде күдік келтірген «күдікті белдеу» шегінде (Атлант мұхиты мен Үнді мұхитының батыс бөлігі) кемелерді тексеру құқығы берілді. 1862 жылғы АҚШ пен Англияның арасында жасалған күдікті кемелерді өзара тексеру туралы келісімді еске сала кетуге болады.

1885 жылғы Берлин конференциясының құл саудасына халықаралық құқықпен тыйым салынғанын баяндайтын Бас актіге 16 мемлекет қол қойды. Бұдан басқа, онда Конго өзені алабының аумағын (нақ осы аумақта құл саудасының армансыз өркендегені байқалды) қаранәсілді құлдар базары ретінде, сондай-ақ оларды тасымалдау транзиттік жолы ретінде пайдалануға тыйым салынды.

Құлдық пен құл саудасына қарсы күреске бағытталған келесі халықаралық-құқықтық акт бұл бағытта нақты іс-шаралардың қабылдануын қарастырған 1890 жылғы Брюссель конференциясының Негізгі актісі болып табылады. Барынша маңыздысы келіскен мемлекеттердің құлдарды күшпен әкеткені үшін қылмыстық жаза белгілеуші заңдар қабылдау міндеттемесін мойындаған жөн (яғни олардың ішкі заңнамасы бойынша бұл әрекетті қылмыс ретінде мойындауы).

Шартқа қатысушы-елдер сонымен қатар құл саудасының алдын алуға бағытталған арнайы шаралардың бірқатарын (құл саудасымен айналысуға мүмкіндік беретін жолдарды жабу үшін арнайы әскери күзет мемлекелерін құру, аймақтарда тиісті тәртіп орнату т.б.) жүзеге асыруды міндеттеріне алды; нақтыланған аумақтық «күдік белдеуі» белгіленді (оған құл саудасын жүзеге асыруға қатысы бар Үнді мұхитының батыс бөлігі, Қызыл теңіз бен Персид шығанағы енгізілді және келіскен елдердің әскери кемелері күдікті кемелерді тоқтатып тексеруге құқылы болды).

Бас актіде сонымен қатар құл саудасымен күрес жөніндегі арнайы органдардың құрылуын қарастырды, олар: құл саудасының мәселелері бойынша мәліметтер мен құжаттар жинау жөніндегі халықаралық теңіз бюросы (Занзибарда) мен осы салада заңдармен және статистикалық мәліметтермен алмасу жөніндегі делдал қызметі жүктелген арнайы бюро Брюссельде орналасқан.

Аталған халықаралық-құқықтық актілер құлдықты жоюға емес, құл саудасының жолын кесуге бағытталды. Тек 1890 жылғы Брюссельдік Негізгі актінің қаулысын алып тастаған 1919 жылғы Сен-Жермен шарты ғана келісуші тараптардың құлдық пен құл саудасын толық құрту үшін барлық күш-жігерін салуға тиіс екендігін қарастырды. Халықаралық қоғамдастықтың осы халықаралық қылмыспен одан кейінгі күресі Ұлттар Лигасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының шеңберінде жалғасты. Ең алғашқылардың бірі болып құлдыққа қатысты, құлдықтың және құлдарды сатудың негізгі ұғымын анықтаған 1926 жылғы Конвенция болды. Бұл Конвенциялардың ең алғашқысы еді, онда құлдықты қарастырғанымен, құлдыққа ұқсас қарыздық кіріптарлық және басыбайлы жағдай сияқты институттарды қарастырған жоқ. Одан кейін 1930 ж. мәжбүрлі еңбек туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының Конвенциясы қабылданып, онда «мәжбүрлі еңбек» ұғымына түсінік берілді, одан соң адам құқығының Жалпы Декларациясы қабылданды, онда «Ешкім құлдықта және құлдық жағдайда болуға тиіс емес және құл сатудың барлық түріне тыйым салынады» деп айтылған [5; 311].

1949 ж. адамдар саудасына және үшінші тұлғалар арқылы жезөкшеклікке пайдалануға қарсы күрес туралы Конвенция қабылданды. Қазір Қазақстан аталған Конвенцияға қосылу үшін шаралар қабылдауда, бірақ бұл Конвенцияда мемлекеттердің негізгі әрекеттері адамдар саудасымен күреске

бағытталған. Мемлекет жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайын анықтау, сондай-ақ оларды өз мемлекетін тастауға итермелеген тұлғаларды анықтау мақсатында жезөкшелікпен айналысатын барлық шетелдіктер туралы мәліметтер жинауға тиіс. Бұл мәліметтер (анықталған тұлғалардың тегі бойынша) мемлекет билігіне хабарланады және репатриациялау жүргізіледі. Конвенцияның тағы бір сәті жезөкшелікпен айналысатын шетелдіктерді жинау және кейіннен оларды репатриациялау болған және болып қалып отыр.

Мұнан кейін құлдықты, құлдар саудасын және құлдыққа ұқсас институттарды жою туралы қосымша Конвенция қабылданды. Аталған Конвенция, 1926 жылғы Конвенция тәрізді, «құлдық» және «құл саудасы» ұғымын бекітті. Бірақ аталған Конвенция (жаңа деп танылған) қарыз кіріптарлығы, басыбайлы жағдай, некенің еріксіз нысандары, балалар мен жасөспірімдерді пайдалану сияқты «құлдыққа ұқсас институттар мен дәстүрлер» ұғымын енгізді. 1966 ж. екі Пакт қабылданды, олар азаматтық және саяси құқықтар туралы Пакт және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пакт. Азаматтық және саяси құқықтар туралы адамдар саудасымен күрес қағидасын айғақтайды: ешкім құлдықта ұсталуға тиіс емес. Құлдық пен құл саудасының барлық түрлеріне тыйым салынады, ешкім еріксіз құлдық жағдайында ұсталуға және ешкім мәжбүрлі және міндетті еңбекке тартылуға тиіс емес. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пакт адам саудасы туралы айтпайды, бірақ мұнда адамның өзінің еркін таңдауы бойынша еңбек ету мүмкіндігін алуға құқылы екенін бекітеді және еңбектің әділетті, қолайлы жағдайларына құқылы екендігі көрсетіледі. Адамдар саудаға түскен кезде құқықтардың бірі – еркін еңбек құқығы бұзылады. Сондықтан тек қана репатриация емес, адам құқығының қорғалуы, бірінші кезекте жүзеге асырылуға тиіс [6].

1979 жылы әйелдерге қатысты дискриминациялаудың барлық нысандарын жою туралы Конвенция қабылданды. Аталған Конвенцияға Қазақстан да қосылды. Онда «әйелдер дискриминациясы ұғымы анықталды, онда барлық қатысушы-мемлекеттер әйелдер саудасы мен жезөкшелікті пайдаланудың барлық түрлерінің жолын кесу үшін заңнамалық құқықтарды қоса алғандағы, барлық шараларды қабылдайды деп жариялады. 1989 жылғы бала құқықтары туралы Конвенцияға да Қазақстан қосылды, онда барлық қатысушы-мемлекеттердің баланы нәпсіқұмарлық пайдаланудың барлық нысандарынан қорғау туралы міндеттеме алатыны айтылды.

Кеңестер Одағының құлауына орай БҰҰ, ОБСЕ және басқа да халықаралық ұйымдар адамдар саудасымен күрес жөніндегі құжаттарды көптеп қабылдай бастады. Бұл құжаттардың ішінде – Мәскеу құжаты, Гаага Министрлік Декларациясы пайдалану мақсатындағы әйелдер саудасының алдын алу жөніндегі күрес құралдарына қатысты жетекші қағидалардан тұрды. Декларация нәпсіқұмарлық пайдалану мақсатындағы әйелдер саудасының құрбандарын қорғау жөніндегі шаралардың толық жиынтығын қарастырады. Бұлар тіпті бұрын қарастырылмаған: атын ауыстыру құқығы, қылмыскердің қамаудан босағаны туралы ақпараттандыру сияқты басқа да проблемаларды көтерді. Бірақ бұл Декларация әйелдерді нәпсіқұмарлық мақсаттағы саудасына қарсы күреске және оларды қорғауға көбірек бағытталған. ТМД елдерінің арасында да шарт жасалды. ТМД елдерінің 1995 жылғы бұл Конвенциясы — адамның құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы. Аталған Конвенцияға сәйкес ешкім құлдықта немесе құлдық жағдайында ұсталуға және ешкім мәжбүрлі, міндетті еңбекке тартылуға тиіс емес.

Барлық халықаралық құжаттар нақтылай құлдықтан қорғауға шақырғанмен, адамдар саудасына қарсы соғыс жариялағанмен, алайда ешбір құжатта адам саудасының толық және анық анықтамасы жоқ. Бұл көп аспектілермен, соның ішінде жезөкшелікке қарсы күрес тәсілдеріне байланысты. Қолданыста үш әдіс бар, олар: тыйым салушы, аболициониялық және реттеуші. Тыйым салушы әдіс жезөкшеліктің түбегейлі жойылуын талап етеді. Аболициониялық әдіс пайдалануға тән болғандықтан, жезөкшелік жойылуға тиіс деп бекітеді. Секс-қызметкерлер құрбандық ретінде қарастырылмайды, сондықтан оларға тек айыппұлдар ғана салады, ал жеңгетай-иелері қатаң жазалануға жатады. Реттеуші әдіс салық және төлемақылар салынатын лицензияланған көпшілік үйлерін құруды қарастырады. Ондағы жезөкшелер кезеңдік қарауларға тартылады, олар еңбек етуге құқылы емес. Аталған әдіске қарай күрес нысаны да анықталады. Қазіргі уақытта аболициялық (негізгі) әдіс қолданылады, яғни жезөкшелікпен күресуді жүргізу.

#### *Талқылаулар*

Бұрынғы посткеңестік елдердің адам саудасына қатысты заңнамаларына шолу жасасақ: РФ ҚК-де бұл қылмысқа қатысты 152-бабында кәмелетке толмағандарды саудалау туралы айтылады. Ал, ҚР

ҚК 128-бабында көрсетілген адамды ұрлау, аталған проблеманың тек бір жағын ғана шешеді, яғни бұл жерден көретініміз, адам саудасымен айналысатындарға қатысты жаза әлі де жеткіліксіз, бар жоғы 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Украинаның ҚК-нің 124-бабы нақты осы қылмыстық әрекеттің алдын алуға, қудалауға бағытталған. Және айта кетер жағдай, бұл елдің заңнамасы бойынша аталған қылмыстың құрамы анық және толық көрсетілген. Норма қолданысқа енгізілгеннен бастап (2,5 жыл) 37 қылмыстық іс қозғалып, оның небары 2-і ғана 1 сатыдан өткен, ал 1-і аяқталған.

Беларусьтық ҚК-де адам саудасын (181-б.), пайдалану үшін азғырып-көндіруден (187-б.) бөлек қарастырады.

Қытай ҚК-нің 241-б. әйелдерді және балаларды сату мақсатында ұрлауға қатысты жауапкершілікті көздейді. Дегенмен аталған елдердің қылмыстық заңнамалары нақты адам саудасына қатысты әлсіз нормалармен көзге түседі. Ресей заңында реттейтін мүлдем норма жоқ деуге болады, ал Қытай заңы тек адамдарды ұрлауға қатысты жаза нысанын көздейді.

Енді, құқықтық базалары жақсы жетілген және осы қылмыспен күресуге және оның алдын алуға бағытталған мемлекеттердің заңдарына тоқталайық.

Бірқатар мемлекеттерде адам саудасымен күрес қылмыстық заңнаманың негізінде жүргізіледі. Мәселен, Данияның Қылмыстық кодексінің (27 қыркүйек 2005 жылғы № 909 Заңдар жинағы) [7; 185], 206-б. айтылғандай, бір адам басқа адамды күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқытып немесе мүлікке айтарлықтай зиян келтіріп немесе жалған айып тағу арқылы оның еркінен тыс, істегісі келмейтін әрекеттерді жасауға заңсыз мәжбүрлейтін болса, айыппұл түрінде не екі жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы түрінде жауаптылыққа тартылады. Сонымен қатар басқа адамды бас бостандығынан айырған кез келген тұлға төрт жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сонымен қатар Дания ҚК-де, атап айтқанда, адам саудасының құрбандары, тасымалдаушылары және адам саудасының тапсырыс берушілерін құрбандарының тұтынушыларының мәселесі де ерекше қарастырылады. Коммерциялық жыныстық қатынасқа, мәжбүрлі еңбекке, құлдыққа немесе дене мүшелерін беру мақсатында адамдарды күш қолданамын немесе күш қолданамын деп қорқыту арқылы мәжбүрлі түрде тасымалдаған, жіберген адам сегіз жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осыған ұқсас норма Италия заңнамасында қабылданды, 11 тамыз 2001 жылғы № 228 «Адам саудасы туралы» Заңында бекітілді [8]. Ол заң осы саланы реттейтін және оған қарсы күрес жүргізу жолдарын ведомствалық деңгейде ұйымдастырады. Аталған нормативтік акт Италия ҚК 600-б. өзгерістер енгізіп, мәжбүрлі еңбекке тартқан кінәлі тұлғаны 8 жылдан 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығына айыруға жазаланады деп бекітті.

Мұндай жағдайдың пайда болу қауіпі, алдау немесе билікті асыра пайдаланған кезде немесе адам физикалық немесе психикалық тәуелді адамдардың жағдайын пайдаланған кезде, кедейлік жағдайларын заңсыз пайда табу үшін өз мүдделеріне сәйкестендіргенде туындайтынына күмән жоқ, Бұл жаза он сегіз жасқа толмаған кәмелетке толмағандарға қарсы жасалса немесе жыныстық қанаушылық, жезөкшелік немесе органдарды алып тастау мақсатында жасалса, жаза қатаңдатылып, 50 %-ға дейін артады. Италиялық Қылмыстық кодекстің 601-б. қылмыс жасағаны үшін адамдарды сатумен айналысатын адамдарға немесе адам саудасы процесіне алдау арқылы немесе адамға зорлық-зомбылық, қорқыту немесе билікті асыра пайдалану арқылы міндеттеме беру арқылы немесе жеке немесе психикалық тәуелділік пен кедейліктен немесе ұлттық территорияға, тұрғылықты жеріне, тұрғылықты жеріне немесе осы аумақта жүріп-тұруға көшу процесінде адамға жауапты адамдарға ақша уәде беру жоларымен жасалса, сегіз жылдан жиырма жылға дейін жазаға тартылады. Осы бапта көрсетілген қылмыстар он сегіз жасқа толмаған кәмелетке толмағандарға немесе жыныстық қанаушылыққа, жезөкшелікке немесе органдарды алып тастауға қатысты жасалса, бұл жаза үштен бірінен 50 %-ға дейін артады. Осылайша, шет елдерде адам саудасын жою үшін құқықтық негіз қалыптастыруда негізгі жаза мерзімін арттыру арқылы көрінетін қызықты нормалар бар екенін айтуға болады.

Нидерланды мемлекетінің ҚК-нің 250-б. нақты адам саудасына қатысты қылмыстық жаза тағайындайды.

Германияның ҚК бірқатар баптардан тұратын нормаларды құрайды (180 а, 180 б, 181-б.). Бұл баптардың мазмұны өзгешелеу, яғни оның қандай да бір қызмет етуге икемді екенін көріп тұрып, өзінің мүліктік пайдасы үшін басқа тұлғаға әсер ету.

Дүниежүзі бойынша адамдарды құлдыққа салушыларға қарсы заңнамалар қатаңдатылып, түрлі конвенциялар күшіне енді. Бірақ адам еңбегін қанау тыйымға түгілі, жыл санап өсіп отыр. Айталық, халықаралық ұйымдардың мәліметінше, табыстылық жағынан алып қарағанда адам саудасы әлемде қару мен есірткі саудасынан кейін үшінші орында тұр. Адам саудасынан түскен табыс 150 млн АҚШ долл. астам қаржыны құраған. Соңғы зерттеулерге сүйенсек, жыл сайын 800 мыңнан аса адам саудаланады екен.

Дүниежүзін жайлап кеткен құлдық пен адам саудасына қарсы күресті әлем елдері өткен ғасырда бастаған. 1926 ж. Женевада «Құлдық туралы конвенцияға» қол қойылса, 1953 ж. Нью-Йорк қаласында бұл құжаттың бірқатар бөлімдері қатаңдатылып, аздаған өзгерістер енгізілді. Ал үш жылдан кейін Женевада «Құлдықты, құл саудасын және құлдыққа ұқсас институттар мен әдет-ғұрыптарды жою туралы» қосымша конвенцияға қол қойылды.

Біздің еліміз де бұл конвенцияларды ратификациялаған. Адам еңбегін қанау мен бала еңбегін пайдалануға қатаң тыйым салынып, адам саудасы өте ауыр қылмыстың қатарына жатқызылды. Осылайша заң жүзінде алғанда Орталық Азия елдерінде ауыр қылмыстың бұл түріне барлық шектеулер жасалды. БҰҰ бастамасымен «Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күні» деп жарияланып, жаһан жұртшылығының назарын осы мәселеге аударды [9]. Тіпті, жыл сайын осы тақырыпта түрлі дөңгелек үстелдер мен халықаралық конференциялар өтіп тамырын тереңге жайған қылмыстың бұл түрін болдырмауда баяндамалар жасалады.

#### *Қорытындылар*

Адам саудасы Қазақстанды айналып өтпейді. Құзырлы орындар елімізде адам саудасы жаппай сипатта емес, алайда жыл сайын бұл бағыттағы қылмыстар саны артуда екенін айтады. Бас прокуратураның мәліметінше, осыдан екі жыл бұрын адам саудасына қатысты 267 қылмыс ашылса, былтыр – 350, ал ағымдағы жылдың 9 айының өзінде 262 қылмыс тіркеліпті. Адам саудасына қатысты қылмыстарды жасағаны үшін сотталған азаматтар саны артқан. 2012 ж. – 116, 2013 ж. – 166, 2014 ж. 184 адам, 2015 ж. заңсыз әрекеті үшін темір торға тоғытылыпты. Халықаралық миграция ұйымының статистикасы бойынша, 2004–2014 жж. арасында осы ұйымнан көмек алған адамдардың 50 % қазақстандықтар екен. Екінші орында Ресей, Молдова, Филиппин және Қытай елі тұр. Ұйымның дерегіне қарағанда, адам саудасы бойынша жәбір көретін әрбір жетінші адам кәметтік жасқа толмаған және олар Қазақстан азаматтары болған [10].

Өзіміз көріп отырғанымыздай, бір ғана елдің аталған қылмыстылыққа қарсы тұруға қауқары жетпейді. Сондықтан адам саудасымен күрес бойынша халықаралық ынтымақтастықты нығайта түсу бағытында жұмыстарды әрі қарай да жүзеге асыра беру қажет.

Адам саудасы қылмыстылығының трансұлттылығы мен ұйымдасқан сипатта болуы шетелдік заңнамаларды зерттеу мен аталған қылмыстық құқықбұзудың профилактикасы мен алдын алуда практикалық тәжірибені зерттеудің қажеттілігін шарттастырады. Аталған талдаулар Қазақстандағы адам саудасы қылмыстық құқықбұзуларының профилактикасы субъектілерінің барлығының іс-қимылын жетілдіру бойынша тиісті шараларды әзірлеу үшін өте маңызды.

1. Бүгінгі күні адам саудасына қатысты мемлекеттердің заңнамасында нормалар бекітілгеніне қарамастан, адам саудасына қарсы тұру туралы арнайы заңдар қабылдау қажеттілігі бұл құбылыстың себептерін жою керектігімен, оларға назар аудармаудың дүниежүзінің әлеуметтік, экономикалық теңгерімсіздігіне, тұрақсыздығына әкелуімен түсіндіріледі.

2. Адам саудасы мен оның құрбандары, қылмыскерлерге қатысты, оның масштабына қатысты мәліметтер адам саудасымен күрес саясатын негіздеу үшін қажет.

3. Шет елдерде адам саудасын жою үшін құқықтық негіз қалыптастыруда негізгі жаза мерзімін арттыру арқылы (50 % дейін) көрінетін қызықты нормалар бар екенін айтуға болады (Италия ҚК 600–601-б.).

4. Адам саудасына қатысты мәліметтердің ашық жариялануы да, БАҚ-та таратылатын ақпараттарда қылмыстардың жасалу тәсілі, құрылып берілген жоспардай уақыты, жері, күдіктілердің түр-сипаты, жәбірленушілер туралы ақпараттар қорғау органдарының әлеуеті туралы мәліметтер толып жүр. Оларды саралап, дұрысы мен бұрысын қадағалап отырған мемлекеттік орган жоқ. Дүниежүзілік ақпараттар ағымының дұрыстығы мен нақтылығы әртүрлі зерттеулер негізінде Халықаралық Миграция Ұйымымен жүргізілетіндіктен, осы ұйымның адам саудасына қатысты деректері мен бұл құбылыстың алдын алуға қатысты мәліметтерін мемлекеттер басшылыққа алып, мүшелігіне өтуі тиіс.

5. Адам саудасының құрбандары және олармен байланысты құбылыстар сияқты мәжбүрлі еңбек және мәжбүрлеп неке кию сияқты ғаламдық деректер көздері құнды бастапқы деректер болып табылады және әдіснама мен қолжетімділік тұрғысынан үздіксіз жақсартылуда. Дегенмен, осы күрделі жұмыстарға шектеулер бар, оның ішінде сыртқы мүдделі тараптар үшін деректерге қолжеткізу және оларды әртүрлі бастамаларда пайдалану салыстырмалы түрде шектелген. Деректерге қолжеткізудің шектелгендігінің себебі БҰҰ статистикалық деректеріне (БҰҰ, 2013) сәйкес, бұл деректер қатаң құпия болып табылады және тек статистикалық мақсаттар үшін пайдаланылуы тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кобец П.Н. Законодательные основы противодействия преступлениям, связанным с торговлей людьми (иммигрантами и незаконными мигрантами), в западноевропейских странах и США / П.Н. Кобец // Миграционное право. — 2008. — № 4. — С. 78–82.
- 2 Халықаралық көші-қон ұйымының ресми парағынан алынған материалдар пайдаланылған [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://migrationdataportal.org/themes/human-trafficking>.
- 3 Уголовное право Казахстана. (Особенная часть): учеб. / Ред. И.И.Рогов, С.М. Рахметов. — Алматы: Жеті жарғы, 2015. — 612 с.
- 4 Төлеген М.Ә. Бұқаралық ақпарат құралдарында қылмыстар туралы ақпараттарды жариялау мәселелері / М.Ә. Төлеген, А.Ж. Әбдіжәми // Қарағанды ун-нің хабаршысы. Құқық сер. — 2016. — № 1(81). — 101–104-б.
- 5 Уголовное право России. Общая часть. — Т. 1 / Ред. А.Н. Игнатов және Ю.А. Красиков. — М.: НОРМА-ИНФРА, 1999. — 639 с.
- 6 Женщины, закон и миграция: материалы конф. по проблемам трафика (23–24 ноября 2001 г.). — Алматы: Кризисный центр для женщин и детей, 2001.
- 7 Морозов П.Е. Формирование правовых основ устранения торговли людьми в зарубежных странах / П.Е. Морозов // Вестн. Пермского ун-та. Сер. Юридические науки. — 2011. — Вып. 3 (13). — С. 181–187.
- 8 Legge 11 agosto 2003, n. 228 Misura contro la tratta di persone // Pubblicata nella Gazzetta Ufficiale n. 195 del 23 agosto 2003.
- 9 Шеденова Н. Проблемы торговли женщинами в Казахстане: риски и хищники / Н. Шеденова // Женщины, закон и миграция: материалы респ. конф. — Алматы, 2012. — 261 с.
- 10 Мүсілім Ж. Адам саудасы ауыздықталмай тұр [Электронды ресурс] / Ж. Мүсілім. — Қолжетімділік тәртібі: <http://mediaovd.kz/kz/?p=8476>.

А.Т. Қабжанов, А.Ж. Абдижами

### Международно-правовые аспекты борьбы с торговлей людьми

Одним из наиболее актуальных вопросов торговли людьми являются особенности регулирования торговли людьми в иностранном законодательстве. В статье рассмотрены правовые основы ряда иностранных государств, направленные на борьбу с торговлей людьми на международно-правовой арене и содействие торговле людьми и современным видам рабства. Особенностью этого направления является то, что уголовно-правовые нормы многих стран, связанные с торговлей людьми, не могут быть напрямую введены в правовую систему другой страны из-за отличий обычаев в каждой стране. Несмотря на существование различных конвенций и специального органа (отдел по борьбе с торговлей людьми Международной организации по миграции) о торговле людьми, на имеющиеся отдельные нормы в Уголовных кодексах государств, данное явление вызвало обеспокоенность всего мира. Авторы отмечают необходимость принятия и систематизации практических шагов по предотвращению торговли людьми и их жертв, в отношении преступников, систематизации информации о масштабах преступлений и пересмотра наказаний и системы наказаний. Авторами сделан вывод о том, что данные, касающиеся торговли людьми, предназначены для использования только в статистических целях и должны быть строго ограничены для внешних заинтересованных лиц, а также о том, что международное сотрудничество в борьбе с торговлей людьми требует дальнейшего укрепления. Изучение уголовно-правового опыта зарубежных стран необходимо для понимания сути и механизма действия таких норм и, возможно, создания аналогов, отвечающих требованиям нашего законодательства.

*Ключевые слова:* международные преступления, уголовные правонарушения, торговля людьми, международное сотрудничество, рабство, работорговля, лишение свободы, принуждение к труду.

A.T. Kabzhanov, A.Zh. Abdizhami

**International and legal aspects of combating human trafficking**

One of the most current issues of human trafficking are peculiarities of the regulation of human trafficking in the foreign legislation. In the article the right bases of a number of the foreign states, directed to the combat of human trafficking on the international and legal arena and assistance of human trafficking and contemporary forms of slavery are considered. The basic requirement in this direction is that the criminal law in many countries related to human trafficking cannot be directly entered the right system of another country due to the fact that «the customs of each country are different». Despite the existence of various conventions and a special body (the department for combating human trafficking of the International Organization for Migration) on human trafficking, the existence of separate norms in the criminal codes of states, this phenomenon has caused worldwide concern. The authors note that the need to take and systematize practical steps to prevent human trafficking and their victims, in relation to criminals, systematization of information on the scale of crimes and review of penalties and the system of punishments. The authors concluded that the data relating to human trafficking are intended for use only for statistical purposes and should be strictly limited for external stakeholders. Also, international cooperation in the fight against human trafficking requires further strengthening. The study of the criminal law experience of foreign countries is necessary for understanding the essence and mechanism of the operation of such norms and, possibly, the creation of analogues that meet the requirements of our legislation.

*Keywords:* international crimes, criminal offenses, human trafficking, international cooperation, slavery, the slave trade, imprisonment, forced labor.

## References

- 1 Kobets, P.N. (2008). Zakonodatelnye osnovy protivodeistviia prestupleniiam, svyazannym s torhovlei liudmi (immihrantami i nezakonnymi mihrantami), v zapadnoevropeiskikh stranakh i SShA [Legislative basis for countering crimes related to human trafficking (immigrants and illegal migrants) in Western European countries and the USA]. *Mihratsionnoie pravo – Migration Law*, 4, 78–82 [in Russian].
- 2 Khalykaralyk koshi-kon uymynyn resmi parahynan alynhan materialdar paidalanylhan [Used materials from the official page of the International Organization for Migration]. *migrationdataportal.org*. Retrieved from <https://migrationdataportal.org/themes/human-trafficking> [in Kazakh].
- 3 Rogov, I.I., & Rakhmetov, S.M. (Eds.). (2015). *Uholovnoie pravo Kazakhstana. (Osobennaia chast) [Criminal law of Kazakhstan. (Special Part)]*. Almaty: Zheti Zharhy [in Russian].
- 4 Tolegen, M.A., & Abdizhami, A.Zh. (2016). Bukaralyk akparat kuralddarynda kylmystar turaly akparattardy zharialau maseleleri [Imprisonment by the criminal legislation of the Republic of Kazakhstan]. *Karahandy universitetinin khabarshysy. Kukykyk seriiasy – Bulletin of Karaganda University. Series Right*, 1 (81), 101–104 [in Kazakh].
- 5 Ignatov, A.N., & Krasikov, Yu.A. (Eds.). (1999). *Uholovnoie pravo Rossii [Criminal law of Russia. General part]. (Vol. 1)*. Moscow: NORMA-INFRA [in Russian].
- 6 Proceedings from Women, Law and Migration: *Konferentsiia po problemam trafika (23, 24 noiabria 2001 h.) – Conference on traffic problems*. (2001). Almaty: Krizisnyi tsentr dlia zhenshchin i detei [in Russian].
- 7 Morozov, P.E. (2011). Formirovanie pravovykh osnov ustraneniia torhovli liudmi v zarubezhnykh stranakh [Formation of the legal framework for the elimination of human trafficking in foreign countries]. *Vestnik Permskoho Universiteta. Seriya Iuridicheskie nauki – Bulletin of Perm University, Law, Issue 3 (13)*, 181–187 [in Russian].
- 8 Legge 11 agosto 2003, n. 228 Misura contro la tratta di persone [Law of 11 August 2003, n. 228 Measures against trafficking in persons]. *Hazzetta Ufficiale – Official Journal*, n. 195 del, 23 agosto 2003 [in Russian].
- 9 Shedenova, N. (2012). Problemy torhovli zhenshchinami v Kazakhstane: riski i khishchniki [Problems of Trafficking in Women in Kazakhstan: Risks and Predators]. Proceedings from Women, Law and Migration: *Materialy respublikanskoi konferentsii – Materials of the Republican Conference*. (261 p.). Almaty [in Russian].
- 10 Musilim, J. Adam saudasy auyzdyqtalмай tur [Trafficking in human beings is not exhausted]. *mediaovd.kz*. Retrieved from <http://mediaovd.kz/kz/?p=8476> [in Kazakh].